

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/WSXW2390>

О. Сапашев¹, *Н. Нәби², Р. С. Рахметова²

¹Стамбул университеті, Әдебиеті факультеті,
Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері бөлімі,
Түркия, Стамбул қ.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: naz_nabi@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Бұл жұмыс қазақ тіл ғылымы мен әдебиеттану ғылымында өзіндік биік орны бар біртуар тұлға, ұлы ағартушы А. Байтұрсынұлы шығармашылығындағы білімді, алғыр, жасампаз шәкірт тәрбиелеу мен оқыту мәселелеріне қатысты еңбектерді талдауға арналған. Қазіргі қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымдарының қалыптасып, дамуына үлкен еңбегін сіңірген ағартушы шығармашылығын зерттеу, ғалымның білім беру мәселелеріне қатысты ойларын талқылау бүгінгі жаңартылған білім беру саласы үшін маңызды. Тақырыптың дәл осы негізде таңдалуы бүгінгі білім беру үдерісінде маңызды орын алатын 4К оқыту моделі мен оның құрамдас компоненттерінің әрқайсысының мән-маңызымен кеңірек танысу, оқытудың аталмыш жүйесін қамтыған А. Байтұрсынұлы еңбектерін зерттеу қызметімен тікелей байланысты. Білім беру саласындағы 4К моделінің А. Байтұрсынұлы еңбектерінде көрініс табуын зерттеу арқылы ғалымның туған халқының мүддесіне қызмет еткен терең ойларымен, жасампаз идеяларымен, әдістемелік бағыт-бағдарларымен танысуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар зерттеу жұмысы тіл ғылымына қатысты әдістемелік еңбектер мен оқыту құралдарына қосымша материал ретінде қолданыла алады. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – 4К оқыту моделін жүйелі түрде сипаттау, 4К оқыту жүйесінің білім саласындағы маңызын нақтылау, ағартушы еңбектеріндегі 4К

моделінің көрініс табуын талдай отырып, ғалым еңбектерінің тіл ғылымында алатын орнын анықтау.

Кілтті сөздер: ағартушы, педагогикалық идеялар, сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық.

Кіріспе

XXI ғасырдың негізгі құндылықтарына адамның өмір бойы даму процесінде болатын зият, шығармашылық, жасампаздық, бәсекеге қабілеттілік сынды танымдық және әлеуметтік дағдылардан құралған құндылықтары жатады. Бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасына негізделген оқыту үдерісінде жаңашыл әдістер мен заманауи білім беру тәсілдерін кеңінен енгізу қажеттілігі өткен ғасырда қалыптасқан білім мен дағдылардың біздің заманымызда табысты болу үшін жеткіліксіз болуына байланысты үлкен өзектілікке ие. Технологияның дамуы, жаһандану, демографиялық мәселелер қазіргі қоғамды белсенді түрде өзгертуде. Білім беру жүйесі де өз мақсаттарын қайта қарастырып, сәт сайын білім беру бағдарламаларына тұлғаға қажетті дағдылардың кең спектрін енгізуде. Мектеп балалардың танымдық және әлеуметтік дағдыларының бір-бірінен бөлінбейтіндігін мойындай отырып, олардың танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық дамуына үлкен жауапкершілік алады.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім беру ұйымдарында функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыты ретінде оқушылардың 4К құзыреттілігін дамытуға көбірек көңіл бөлінуде. Бұл құзыреттер қазіргі ақпараттық қоғамда өз бетінше ойлау, икемді талдау және мәселелерді шешу қабілетін талап ететін маңызды дағдылар болып табылады.

Жоғары сынып оқушыларына қазақ тілін оқыту үдерісінде де оқушылардың 4К-құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту пән мұғалімінің кәсіби бағдарына кіреді. Осы орайда қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салған халқымыздың ұлы ұстазы, ағартушы-ғалым, әдіскер, әдебиетші, тілші А. Байтұрсынұлының зерттеу еңбектерінде қарастырылған оқушы құзыреттіліктері мен оны меңгерту жолдарының көрініс табуын бүгінгі дамыған замандағы оқыту жүйесінің 4К моделімен байланыстыра қарастыру зерттеу жұмысымыздың мақсатын айқындайды.

Алаш зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі А. Байтұрсынұлы бізге орасан зор мұра қалдырды. Оның көптеген еңбектері туған халқының оқыту, тәрбиелеу және мәдени жағдайын көтеру мәселелеріне арналған. Қазақтың амандығы мен өркендеуі үшін жастардың оқу-тәрбие жұмысын жақсарту қажет екеніне сенімді болған ардақты тұлға өз еңбектерінде: «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді», – деп атап өтті [1, 15-б.]. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлының «Оқу жайы», «Орысша

оқушылар», «Қазақша оқу жайынан», «Мектеп керектері», «Қазақ арасында оқу жұмысы қалай жүруі керек» және т.б. мақалалары қоғамдағы оқу-тәрбие мәселелерін көтерді. Бұл шығармалардағы негізгі ой жастардың оқу-сауатын ашып, көкірек көздерін ояту, дамыған елдермен тереземізді теңестіретін білім сапасын арттыру сынды педагогикалық идеялар болды [2, 6-б.].

Болашақ жас ұрпақтың еншісінде, сондықтан да А. Байтұрсынұлы ағартушылық қызметінің негізгі мақсаты ретінде білімді, шығармашылықты, ұтқыр қиялды, қарым-қатынасқа ашық, өзгелермен ынтымақтастық құра алатын алғыр ұрпақ тәрбиелеу жолдары мен құралдарын дүниеге алып келіп, өз халқының игілігі жолында қажырлы еңбек ете алатын дарынды тұлға болуды көздеді. Жастарды тәрбиелеуге жан-жақты қолдау көрсету керек деп есептеген ғалымның оқушылар мен оқытушыларға арнап жазған еңбектерін зерттеудің өзектілігі ағартушы ойларында тұжырымдалған педагогикалық идеялардың 4К моделіне негізделгендігімен айқындалады.

Материалдар мен әдістер

Бүгінгі білім беру саласында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін кең қолданысқа ие болған 4К жүйесін қарастыру әрі бұл оқыту моделінің А. Байтұрсынұлы еңбектерінде көрініс табуын қарастыру мақсатында оқытудағы 4К-моделіне қатысты ғылыми зерттеу деректері мен ағартушы еңбектері зерттеу материалдары ретінде қолданылды.

Зерттеу материалдары ретінде оқыту жүйесіндегі 4К-моделіне қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен ғылыми конференция мақалалары, ғылыми монографиялар пайдаланылды. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының 14 жыл бойы шәкірт баулыған тәжірибесінен жинақтап жазған еңбектерінің құндылығы жоғары. Мәселен, 1912 жылдан бастап жарық көрген «Баяншы» атты методикалық құралын атап айтуға болады. Небәрі 15 беттен тұратын шағын еңбек болғанына қарамастан, бұл жұмыста мұғалімдерге қажетті нағыз әдістемелік деректер келтірілген. Одан бөлек ғалымның сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын айқын көрсеткен «Тіл жұмсар» атты еңбегі мен 1927–1928 жылдары ретімен жарық көрген «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Баулу мектебі» атты мақалалары методика мәселелерін көтерген құнды еңбектер ретінде зерттеу жұмысына пайдаланылды. Одан бөлек шетелдік ғалымдар М. А. Пинская, А. М. Михайлова, Дж. Дьюи, П. Фасион, Б. Лукас, Г. Клэстон, Э. Спенсер, М. Бинкли, О. Эрстад, Дж. Херман, М. Рипли, М. Рамбл, С. Райзен [3] сынды ғалымдардың еңбектері мен 4К оқыту моделіне қатысты тұжырымдары қолданылды.

Зерттеу әдіснамасының сипаттамасы жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес талдаудың негізгі әдістерін қамтыды. Олар: контекстік-

түсіндірмелі, салыстырмалы, концептуалды талдау әдісі, сипаттау әдісі, оның ішінде бақылау, салыстыру, жалпылау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

А. Байтұрсынұлы ғалым, ұстаз ретінде педагогикалық ұжымға арналған оқу-әдістемелік құралдар жазғаны бәрімізге белгілі. Әсіресе «Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін», «Тіл жұмсар. Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын I-кітап.», «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы-жалпылау әдіс», «Дыбыстарды жіктеу туралы» атты еңбектері мұғалімдер мен оқытушыларға арналған таптырмас құралдарға айналды [4, 251-б.].

Ағартушы педагогикалық еңбектерін жазу арқылы қазақ мектептеріндегі мұғалімдердің біліктілігін арттыруға көп күш, білім, қайрат жұмсағанын аңғаруға болады. Ол шығармашыл, сыни ойлы жас ұрпақ тәрбиелеу сұранысқа ие болатын уақыт келеді деп сенді. Сондықтан ол үйлесімді, жан-жақты дамыған тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің әдістемесін жасау қажеттілігін жиі көтеріп отырды [5, 18-б.].

Ғалымның шәкірт оқыту мен тәрбиелеуге қатысты педагогикалық идеялары мен ой-тұжырымдары қамтылған әдістемелік еңбектерінде балалардың бойындағы шығармашылық, сыни ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық сынды 4К оқыту жүйесіне кіретін дағдылар туралы да келтірілген. Классикалық білім беру жүйесінде 4К-моделіне маңызды мән берілмеді, бірақ қазіргі технологияның дамуы мен цифрландырудың арқасында білім беру саласында аталмыш оқыту жүйесінің құндылығы сезіле бастады.

4К оқыту моделі оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын дамытуды көздейді. Бұл дағдылардың әрқайсысы өзіндік маңызға ие. Бүгінгі өскелең ұрпақтың бойында аталған дағдыларды қалыптастыру педагогика саласының негізгі мақсатына айналды.

Сыни тұрғыдан ойлауды түсінудің ғылыми негізі ретінде К.Поппердің еңбектерінде тұжырымдалған тәсілді қарастыруға болады. Оның «Открытое общество и его враги» атты еңбегінде сыни тұрғыдан ойлаудың ең жақсы шарты ретінде қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің әлеуметтік жағдайы былайша келтіріледі: «Мен қателескен шығармын, сіз де қателесуіңіз мүмкін, бірақ бірлескен күш-жігер арқылы біз біртіндеп шындыққа жақындай аламыз» [6, 93-б.].

Сыни ойлау дағдысына қатысты түрлі ғалымдардың эксперттік пікірлері бар. Мәселен, шетелдік ғалымдар Дж. Дьюи мен П. Фасион сыни ойлау дағдысына қатысты төмендегідей тұжырымдарын келтіреді:

1 «Сыни ойлау – нәтижесі түсіндіру, талдау, бағалау және қорытынды жасау болып табылатын мақсатты, өзін-өзі реттейтін пайымдау, сондай-ақ пайымдау негізіне алынған фактілік, тұжырымдамалық, әдіснамалық, критерийлік негіздер немесе контекстік факторларды түсіндіру дағдысы».

2 «Сыни ойлау – кез келген наным немесе білімді оның негізделген себептері мен одан әрі қорытындылары тұрғысынан белсенді, табанды және мұқият тексеру» [3, 6-б.].

4К моделі бойынша оқыту жүйесінің келесі компоненті – оқушылардың шығармашылық дағдысын қалыптастыру. Шетелдік ғалымдар Б. Лукас, Г. Клэкстон, Э. Спенсердің «Развитие творческого потенциала учащихся в школе: первые шаги на пути к новым формам формирующего оценивания» («Progression in Student Creativity in School: First Steps Towards New Forms of Formative Assessments») атты ғылыми еңбегінде шығармашылық дағдысына былайша анықтама беріледі: «Шығармашылық – білімді қолдану, синтездеу және түрлендіру арқылы түрлі мәселелерді шешудің, оқушы алдында тұрған сұрақтарға жауаптардың немесе идеяларды білдірудің түбегейлі жаңа тәсілдерін елестету және дамыту қабілеті» [3, 12-б.].

П. Фасионның «Критическое мышление: что это такое и почему оно важно» («Critical Thinking: What It Is and Why It Counts») зерттеуінде шығармашылық дағдысына қатысты: «Шығармашылық және инновациялық ойлау – бұл жаңа түсініктерге, тың көзқарастарға, жалпы алғанда нәрселерді түсіну мен көрудің жаңа тәсіліне жетелейтін ойлау түрі» [3, 12-б.], - деген тұжырымдама келтірілген.

Келесі қарым-қатынас дағдысы оқушының сыныптастарына сұрақ қоя білуінен және олардың сұрақтарына оларға түсінікті түрде жауап беруінен, қажет болған жағдайда деректерде немесе дәйектемелерде түсініксіз болып шығатын нәрселерді түсіндіруге ұмтылуынан және өз кезегінде, идеялары мен ұсыныстарын нақтылаудан тұрады.

Бұл дағдының құрылымы келесідей ұсынылған: 1. Қарым-қатынасқа дайын болу. 2. Қарым-қатынас мақсаты мен контекстіне және серіктеске бейімделу. 3. Сендіруші қарым-қатынас [3, 14-б.].

4К моделінің соңғы компоненті – ынтымақтастық дағдысы тұлғаның көмек сұрауға қабілеттілігі мен ықыласы ретінде сипатталады. Топпен ынтымақтаса отырып жұмыс істеу барысында оқушылар өзге сыныптастарының пікірін тыңдап, өз ойларын ұсынуға, топтың тапсырма бойынша жұмысы кезінде жұмыстың жеке бөлігін топтың жалпы жұмысына біріктіруге, сонымен қатар топ мүшелерінің жұмысқа қосқан үлесін бағалауға дағдыланады.

Шетелдік ғалымдар М. Бинкли, О. Эрстад, Дж. Херман, М. Рипли, М. Рамбл, С. Райзеннің «Определение навыков XXI века» («Defining

21st century skills») атты еңбегінде ынтымақтастық дағдысы туралы: «Әртүрлі құзіреттілік үлгілері аясында ынтымақтастық басқа адамдармен тиімді өзара әрекеттесу және әртүрлі командалардағы тиімді жұмыс деп түсініледі» [3, 14-б.], – деп келтіріледі.

Жоғарыда аталған дағдыларды оқушы бойында қалыптастыру үшін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жүйелі қолдану маңызды. А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі оқушыны кемелдендіру мәселелеріне қатысты педгогикалық идеялар 4К оқыту жүйесінің жалпы көрінісін бейнелеп, аталған дағдыларды қалыптастыру жолдарын қамтиды.

Бүгінгі білім беру үдерісінде жоғары сынып оқушыларының бойындағы сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын дамыту олардың бастауыш және орта сыныптарында алған білімдеріне де тікелей байланысты. Барлық білім мен тәрбиенің негізі салынатын бастауыш білім берудің маңыздылығын ағартушы да жете түсінген. А. Байтұрсынұлы шәкірт оқытудың қиындығы мен оқушы сауаттылығының іргесі қаланатын бастауыш сыныптың маңыздылығын былайша атап өтеді: «Үйрену хәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын көңілденіп оқытуға жаһады зорайып, шабыттанады» [4, 280-б.].

Ағартушы өз еңбектерінде оқушының сыни ойлауы мен шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық сынды дағдыларының қалыптасуына мектептің жаңашыл негізде ұйымдастырылуы мен мұғалімнің шәкіртті дұрыс үйрете білуі, тәжірибе негізінде үйретуі мен ең озық әдістерден хабардар болуы оң әсерін тигізеді деген ойды тұжырымдайды. Ғалым күллі қазақ мұғалімдеріне кемел шәкірт тәрбиелеуде үлкен көмек болатын «Тіл - жұмсар» атты практикалық еңбегі мен «Баяншы» атты әдістемелік құралдарында зерек оқушы оқыту мен тәрбиелеудің ең озық әдісі – тәжірибе арқылы оқыту деген ойын алға тартады. 1928 жылы жарық көрген «Тіл жұмсар» оқу құралында автор: «Бұл күнде бала үйретудің табиғи қолы – тәжірибе арқылы білім алатын осы айтылған соңғы жол деп танылады. Қазіргі жаңа жолдың негізі – үйрету, әсіресе тәжірибе жолымен үйрету. Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек» [4, 294-б.], – дейді.

4К оқыту жүйесін білім беру ұйымдарына енгізу арқылы жемісті нәтижелерге қол жеткізу жолында шәкірт талабы үлкен рөл атқарады. Терең ойлы, шығармашыл, білімді ұрпақ тәрбиелеуде мұғалімнің шеберлігі мен кәсіби білімі де жоғары бағаланады. Бұл турасында ғалым: «Мұғалімнің қызметі шәкірттің білім жолындағы ұзақ жолын қысқарту, ол жолдан балаларды қиналмай оңай оқыту, шәкіртке керек білімді кешікпей, өз

уақытында беру, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру» [4, 294-б.], – деп атап өтеді.

Оқушы тұлғасын кемелдендіруге ықпал ететін жаңашылдық, креативтілік, жасампаздық қабілет туралы автор «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында тоқталады. Автор: «Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жасампаз жастардың қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа» [9, 309-б.], - деп тұжырымдайды.

Кез келген салада үздік көрсеткіштерге тез әрі оңай қол жеткізу мақсатында түрлі әдістер қолданылатыны анық. Тиімді әдістерді қолдану арқылы білім саласында да оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық, ынтымақтастық, қарым-қатынас дағыларын дамытуға болады. Бұл мәселеде әдіс-тәсілдердің маңызы мен қолданылу орнын ескеру қажет. А. Байтұрсынұлының қазіргі қазақ тілін оқытудағы қатысымдық төрт дағды: айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттеріне қатысты ұсынған түрлі әдістері оқушылардың 4К оқыту дағдыларын игерулеріне де өзіндік үлесін қосатынына дау жоқ. Мәселен, А. Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінде тыңдалым әрекетін «Дыбыстық әдіске» негіздеп қалыптастыруға болады. Қазақ тілі пәнін оқытуда мұғалім оқушылардың тыңдалым әрекетін дамыту үшін ағартушы ұсынған дыбыс әдісі мен тұтас оқу әдісін қолдану арқылы түрлі топтық, жұптық, логикалық тапсырмаларды орындатуына болады. Жазылым әрекетін қалыптастыру үшін А. Байтұрсынұлы «Қисындау», «Топ хабары», «Суретпен жұмыс» әдістерін ұсынады. Ал айтылым әрекетін қалыптастыру үшін ғалым «Сөйлемдер жасату», «Жаңылтпаш жасату» әдістерінің тиімділігін атап көрсетсе, оқылым әрекетін дамыту үшін «Қате оқыған жақ қайта оқиды», «Ойнаңдар, ойнаңдар» әдістерін ұсынады. Осылардың ішінде ойымызды ғалымның оқушылардың айтылым әрекетін қалыптастыру үшін ұсынған жаттығу тапсырмаларымен дәйектейтін болсақ, әдіскердің «Тіл жұмсар» атты еңбегінде айтылым дағдысын дамытуға арналған «Сөйлемдерді бір-біріне телу» деген тапсырма берілген. Мысал келтіретін болсақ: *«Төменде екі сөздің арасында бір тел сөзден қалай етіп қайсысына теліп айтуға болады?»*

Болды = үшке; жауын. Ет = сұр; байтал. Ұрды = ит; доп» [4, 308 б.].

Ал «Сөз туғызу» атты тапсырмасында сөздер беріледі, сол сөздерден жаңа сөздер тудырып, ауызша айту керек. Мысалы:

«Еңбек – еңбекқорлық;

Әсем –;

Кең –[4, 313-б.].

Сондай-ақ «Суретті әңгіме» жаттығулар айдарында көптеген суреттер беріледі, сол бойынша оқушылар әңгіме құрастырып айту керек. Мысал

келтіретін болсақ, «Суреттерге қарап, «Менің туған жерім» тақырыбында ойталқы ұйымдастырыңдар» [4, 315-б.].

«Жаңылтпаш жаттату» жаттығуы бойынша балалар берілген жаңылтпаштарды жатқа айтып қана қоймай, өздерінен жанынан жаңылтпаш шығарып, берілген жаңылтпаштарды бір-бірімен салыстыруы қажет. Мысалы: «Жаңылтпаштарды жатқа айтып, жаңылтпаш мәтіндерін бір-бірімен салыстырыңдар:

Асаттар ас асатар.

Ораз аз озар.

Бұл ұлақ – ұлы ұлақ.» [4, 316-б.].

Айтылым дағдысын шыңдауға арналған тапсырмалардың бәрі де оқушылардың сөз, сөйлем, буын, дыбысқа қатысты танымдарын кеңейтіп қана қоймай, ой-қиялдарын шыңдап, топпен, жұппен ынтымақтастықта жұмыс жасауға, сыни ойлауын қалыптастыруға жол ашады. Демек, қазақ тілін оқытуда оқушылардың 4К дағдыларын дамыту үшін ғалым ұсынған педагогикалық және методикалық ой-тұжырымдар мен идеяларды қолданысқа енгізуге болады.

Ұлт ұстазының «Қай әдіс жақсы?» атты мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» [4, 324-б.], – деп атап өтуінен әдістің тиімділігі оның орнымен, ретімен қолданылуына байланысты екенін аңғаруға болады.

Қазіргі білім беру үдерісінде оқушыларды шығармашыл тұлға ретінде қалыптастырып, олардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға, қоғаммен әлеуметтенуге, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа оңай түсуге ынталандыратын жолдарды қарастыру қажет. Ғалымның ойынша, баланы білімге ынталандырудың басты жолы – оқушының талабын шыңдау. Әдіскер өзінің «Жалпылау (айырыңқы) әдіс» атты еңбегінде: «Баланың үйрену талабын қоздырса, білімнің бәрін басқаның көмегінсіз өзі-ақ алады. Балаға талаптылық тәрбие беру үшін басынан табиғат жолымен үйрету керек» [4, 336-б.], – деп көрсетеді.

Ал автордың «Жалқылаулы-жалпылау әдіс» атты мақаласында оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға арналған методикалық нұсқаулықтар берілген. Автор оқушылардың білімін шыңдау мақсатында оқу құралында түрлі суреттер ұсынады. Ол суреттердің атауын атап, жазу арқылы оқушылардың есте сақтау, қиялдау сынды шығармашылық қабілеттері дамиды. Суреттер арқылы сөздер, сөздерден сөйлемдер, сөйлемдерден әңгіме құрау арқылы оқушылардың сыни ойлауы, креативті ойлауы қалыптасады.

А. Байтұрсынұлы оқушылардың түрлі құзыреттіліктерін дамыту үшін әңгімелесу, талдау, бақылау әдістерін қолдануды да ұсынады. Мұғалім берілген тақырыпты әуелі өзі әңгімелеп айтып беру арқылы оқушыларды жаңа деректермен таныстырады, оларды ойлануға, өз ойларын ортаға салуға ынталандырады. Сондай-ақ, ғалым оқушылардың игерілген тақырыпқа сай жұмбақтар жасырып, өлеңдер айтуын ұсынады. Бұл этнопедагогиканың негізі де А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алатынын аңғартады. Оқушылардың зерек, алғыр, шығармашыл болып қалыптасуы олардың жастайынан басталу керек деген әдіскер-ғалымның педагогикалық идеясы швейцариялық психолог Ж. Пиаженің адам зиятының даму табиғатына қатысты теориясымен астасады [7, 248-б.].

Ғалымның тіл оқытуға қатысты әдістемелік тұжырымдарындағы қатысымдық дағдыны дамыту идеясымен шетелдік ғалым М. Сельсе-Мурсияның «Rethinking the role of communicative competence in language teaching» атты еңбегіндегі оқушылардың коммуникативті құзыреттерін дамыту маңызы мен мәніне қатысты ойы сәйкес келеді [8, 47-б.].

«Әңгімелесу» атты мақаласында автор оқушылардың қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруға әңгімелесу әдісінің көмегі мол екенін атап өтеді. Сондай-ақ ғалым білім сапасына қол жеткізуде тың жаңалықтарға, жаңа ізденістерге мойын бұру қажеттігін меңзейді. Білім саласында болсын, өзге салада болсын жаңалыққа, тың нәрсеге ұмтылу керегі анық. Ғалым бұл турасында: «Дамып, қалыптасып жетілудегі соны жаңалықтарға оң көзқараста болып, оны әлеуметтік ортаның қабылдап, игеруіне ақыл-кеңесші болуымыз хақ. Мұны бүгінгі бала оқыту ісінде ескеруіміз керек» [9, 12-б.], – дейді.

Сын тұрғысынан ойлай алатын, креативті ойлы, шығармашыл, ортаға ашық, жасампаз ұрпақ тәрбиелеуге қажетті үш маңызды нәрсе туралы Ахмет Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» мақаласында тоқталып өтеді. Ол атап өткен үш қажет: білікті ұстаз, заманауи инновация және келісілген кемел бағдарлама бүгінгі 4К оқыту жүйесіндегі жасампаз ұрпақ тәрбиелеуге қажетті алғышарттар болып табылады.

Ғалымның «Жаңа құрал» еңбегінде сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруға оң ықпал ететін бірнеше жаттығулар берілген. Мәселен, «Қата оқыған жақ қайта оқиды» әдісіне негізделген тапсырмалар бойынша оқушылар 6-6 баладан топтарға бірігіп, берілген тапсырманы бірлесе орындауы тиіс [9, 55-б.]. Тапсырманы дұрыс орындау үшін топтағы әрбір баланың үлесі маңызды. Бұл тапсырмалар балалардың өзара ынтымақтастық, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Ал «Кім жаңылтпаш жасайды?», «Қайсысын қайда қою?» айдарларымен берілген ойын сипатындағы тапсырмалар оқушылардың

шығармашылық ойлау мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмегін тигізеді. Ойын технологиясының тіл үйренудегі тиімділігін шетелдік ғалым Ш.Риксон өзінің «How to use Games in Language Teaching» атты еңбегінде атап өткен [10, 120-б.]. Байтұрсынұлы да ойын әдісіне негізделген тапсырмалар арқылы балалардың қызығушылығын арттыра түсуді көздеген.

4К оқыту моделінің құрамдас компоненті - ынтымақтастық дағдысының ағартушы еңбектерінде көрініс табуын «Баулу мектебі» еңбегінен байқаймыз. Ол жерде: «Мектепте балалар жасынан еңбекке баулынып көптесіп, көлемдесіп, қоғамдасып іс қылып үйреніп, еңбекті іске дағдыланып, еңбекті сүйіп, шын еңбекші болып шығарға керек» [11, 17-б.], – деп, ортақшыл істің баланың әлеуметтік бейімделуіне тигізер оң ықпалын атап өтеді.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, бүгінгі күні А. Байтұрсынұлын «Ұлттың ұлы ұстазы» деген атауға лайықтап, оның күллі шығармашылығы қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымына қосылған құнды қазына ретінде бағалануы өте орынды. Алаштың көрнекті қайраткері С. Сәдуақасов айтқандай, Ахаң қазақ әліпбиінің негізін салушы, түрлі оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарының авторы, бүкіл қазақ халқының ағартушысы әрі ұстазы болғандықтан, оны басқа тұлғалармен теңестіруге болмайды. Ұлы реформаторды қазақ қоғамының ұлы ұстазы ретінде қабылдап, оны құрметтеп, шығармашылығын дәріптеуіміз керек. Сондықтан еліміздегі әрбір педагог мамандар оның еңбектерін зерделеп, тәуелсіз Қазақстан азаматтарын тәрбиелеу, оқыту, мәдени тұрғыдан өсіру мәселелері жөніндегі өзіндік ой-пікірлерін түсінуге тырысуы керек.

А. Байтұрсынұлы – ағартушы-ғалым ретінде де, тілші, әдебиетші, ақын, жазушы ретінде де кәсіби шеберлік пен терең талантты өз бойына жинақтаған шын мәніндегі елеулі тұлға. Ағартушы мұрасы тіл мен әдебиеттану, әдістеме салаларындағы соншалықты күрделі және көп өлшемді құбылыс, сондықтан оның ғылыми және әдістемелік еңбектеріне арналған ғылыми зерттеу жұмыстарының мейлінше көбірек жарық көруі тіл ғылымы үшін үлкен мәнге ие болар еді. Жоғарыда қарастырған А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі 4К оқыту моделінің көрініс табу мәселелерін зерттеу жұмысымыз да тіл ғылымы саласына өзіндік үлесін қосады деген үміттеміз.

Қазіргі білім саласы ХХІ ғасырдың бірінші ширегінде орын алып жатқан жаһандық өзгерістерді басынан өткізіп жатыр. Қазақстандық оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде де көптеген жаңартулар мен жаңғырулар болып жатыр. Бүгінгі таңда жас ұрпақты жасампаз, бәсекеге қабілетті, ізденімпаз, шығармашыл, ұлтжанды тұлға етіп тәрбиелеуде жүйелі-белсенділік тәсіліне және оқытуды дараландыруға көп көңіл бөлінеді. Оқушылардың

сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын дамыту да өзектілікке ие. Осылайша, қазіргі жаңартылған оқыту үдерісінде А. Байтұрсынұлының осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын сөз еткен педагогикалық, методикалық идеяларының құндылығын айқын аңғарамыз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Қыдыршаев, А. С.** Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы [Мәтін] : пед.ғыл.док. ... дис. автореф. / А. С. Қыдыршаев. – Алматы, 1995. – 25 б.

2 **Имаханбет, Р. С.** Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын заманауи оқыту жүйесіне енгізудің тиімді жолдары [Мәтін] / Р. С. Имаханбет // Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – 2023. – № 1 (104). – Б. 68–81.

3 **Пинская, М. А.** Компетенции «4К»: формирование и оценка на уроке : Практические рекомендации [Текст] / М. А. Пинская, А. М. Михайлова. – М. : Корпорация «Российский учебник», 2019. – 76 с.

4 **Байтұрсынұлы, А.** Алты томдық шығармалар жинағы: 6 т. [Мәтін] // Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Т. 3. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

5 **Нурғали, Р.** Вершины возвращенной казахской литературы [Текст]: книга / Р. Нурғали. – Алматы : Қазақ университеті, 1998. – 307 с.

6 **Поппер, К.** Открытое общество и его враги [Текст]: книга / К. Поппер. – М. : Феникс, Международный фонд «Культурная инициатива», 1992. – 448 с.

7 **Piaget, J.** The Language and Thought of the Children [Text] : book / J. Piaget. – London : Routledge, 2001. – 320 p.

8 **Celce-Murcia, M.** Rethinking the Role of Communicative Competence in Language Teaching [Text] / M. Celce-Murcia // Springer Science+Business Media B. V. – 2008. – № 1 (35). – P. 41–57.

9 **Байтұрсынұлы, А.** Алты томдық шығармалар жинағы: 6 т. [Мәтін] // Өліппелер мен мақалалар жинағы. Т. 4. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

10 **Rixon, Sh.** How to use Games in Language Teaching [Text] : book / Sh. Rixon. – London : The Macmillan Press Ltd., 1981. – 125 p.

11 **Байтұрсынұлы, А.** Алты томдық шығармалар жинағы: 6 т. [Мәтін] // Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. Т. 6. – Алматы: Ел-шежіре, – 2013. – 384 б.

References

- 1 **Ky`dy`rshaev, A. S.** Axmet Bajtursy`nuly`ny`n adistemelik murasy` [Methodological legacy of Akhmet Baitursynuly] [Text] : ped.gy`l.dok. ... dis. avtoref. / A. S. Ky`dy`rshaev. – Almaty, 1995. – 25 p.
- 2 **Imaxanbet, R. S.** Axmet Bajtursy`nuly` murasy`n zamanauı oky`tu zhujesine engizudin tiimdi zholdary` [Effective ways to introduce the heritage of Akhmet Baitursynuly into the modern education system] [Text] / R. S. Imaxanbet // U. Alty`nsarin aty`ndagy` Ulty`k bilim akademiya`ny`n «Bilim» gy`ly`mi-pedagogikaly`k zhurnaly` – 2023. – № 1 (104). – P. 68–81.
- 3 **Pinskaya, M. A.** Kompetencii «4K»: formirovanie i ocenka na uroke : Prakticheskie rekomendacii [«4K» competencies: formation and assessment in the classroom: Practical recommendations] [Text] / M. A. Pinskaya, A. M. Mixajlova. — Moscow : Korporaciya «Rossijskij uchebnik», 2019. – 76 p.
- 4 **Bajtursy`nuly`, A.** Alty`tomdy`k shy`garmalar zhinagy` : 6 t. [Collection of works in six volumes] [Text] // Til – kural (kazak tili men oku-agartuga katy`sty` enbekteri). T. 3. – Almaty : El-shezhire, 2013. – 384 p.
- 5 **Nurgali, R.** Vershiny` vozvrashhennoj kazaxskoj literatury` [The peaks of the returned Kazakh literature] [Text]: kniga / R. Nurgali. – Almaty : Kazakh University, 1998. – 307 p.
- 6 **Popper, K.** Otkry`toe obshhestvo i ego vragi [The open society and its enemies] [Text] : kniga / K. Popper. – Moscow : Feniks, Mezhdunarodny`j fond «Kul`turnaya iniciativa», 1992. – 448 p.
- 7 **Piaget, J.** The Language and Thought of the Children [Text] : book / J. Piaget. – London : Routledge, 2001. – 320 p.
- 8 **Celce-Murcia, M.** Rethinking the Role of Communicative Competence in Language Teaching [Text] / M. Celce-Murcia // Springer Science+Business Media B. V. – 2008. – № 1 (35). – P. 41–57.
- 9 **Bajtursy`nuly`, A.** Alty`tomdy`k shy`garmalar zhinagy` : 6 t. [Collection of works in six volumes] [Text] // Alippeler men makalalar zhinagy`. T. 4. – Almaty : El-shezhire, 2013. – 384 p.
- 10 **Rixon, Sh.** How to use Games in Language Teaching [Text]: book / Sh. Rixon. – London : The Macmillan Press Ltd., 1981. – 125 p.
- 11 **Bajtursy`nuly`, A.** Alty`tomdy`k shy`garmalar zhinagy` : 6 t. [Collection of works in six volumes] [Text] // Makalalar, xattar, A. Bajtursy`nuly` turaly` kuzhattar men materialdar. T. 6. – Almaty : El-shezhire, 2013. – 384 p.

17.01.24 ж. баспаға түсті.

29.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

24.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

О. Сапашев¹, *Н. Наби², Р. С. Рахметова²

¹Стамбульский университет,

Турция, г. Стамбул;

²Казахский национальный

педагогический университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 17.01.24.

Поступило с исправлениями 29.01.24.

Принято в печать 24.02.24.

ВЗАИМОСВЯЗЬ ЗАКЛЮЧЕНИЙ АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ С СОВРЕМЕННЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ТЕХНОЛОГИЯМИ

Данная работа посвящена анализу работ А. Байтурсынулы, уникального человека, занявшего высокое место в науке казахского языка и литературы, великого просветителя, связанного с воспитанием и подготовкой образованного, талантливого, творческого поколения. Изучение творчества педагога, внесшего большой вклад в становление и развитие современного казахского языка и литературной науки, обсуждение мыслей ученого по вопросам образования важны для сегодняшней обновляющейся сферы образования. Выбор темы на этом основании напрямую связан с изучением творчества А. Байтурсынулы, включающего в себя модель обучения 4К и значение каждого из ее компонентов, занимающее важное место в современном образовательном процессе, а также исследование работ А. Байтурсынулы, включившего упомянутую систему образования. Изучая проявление модели 4К в сфере образования в творчестве Ахмета Байтурсынулы, можно познакомиться с глубокими мыслями, творческими идеями и методическими направлениями учёного, служившего интересам родного народа. Кроме того, исследовательская работа может быть использована как дополнительный материал для методических работ и средств обучения, связанных с лингвистикой. Целью данной исследовательской работы является системное описание модели обучения 4К, выяснение значения системы обучения 4К в сфере образования, определение места работ ученого в лингвистике, анализ проявления модели 4К в сфере образования.

Ключевые слова: просветитель, педагогические идеи, критическое мышление, творческое мышление, коммуникация, кооперация.

*O. Sapashev*¹, **N. Nabi*², *R. S. Rakhmetova*²

¹Istanbul University,

Turkey, Istanbul;

²Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 17.01.24.

Received in revised form 29.01.24.

Accepted for publication 24.02.24.

THE RELATIONSHIP BETWEEN AKHMET BAITURSYNULY CONCLUSIONS AND MODERN EDUCATIONAL TECHNOLOGIES

This work is devoted to the analysis of the works of A. Baitursynuly, a unique person who occupied a high place in the science of the Kazakh language and literature, a great educator associated with the education and training of an educated, talented, creative generation. Studying the work of a teacher who made a great contribution to the formation and development of the modern Kazakh language and literary science, discussing the scientist's thoughts on educational issues is important for today's renewing sphere of education. The choice of topic on this basis is directly related to the study of the work of A. Baitursynuly, which includes the 4K teaching model and the importance of each of its components, which occupies an important place in the modern educational process, as well as the study of the works of A. Baitursynuly, which included the mentioned education system. By studying the manifestation of the 4K model in the field of education in the work of A. Baitursynuly, you can get acquainted with the deep thoughts, creative ideas and methodological directions of the scientist who served the interests of his native people. In addition, the research work can be used as additional material for methodological works and teaching aids related to linguistics. The purpose of this research work is to systematically describe the 4K learning model, clarify the significance of the 4K learning system in the field of education, determine the place of work of a scientist in linguistics, and analyze the manifestation of the 4K model in the field of education.

Keywords: educator, pedagogical ideas, critical thinking, creative thinking, communication, cooperation.

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz